

Патриотизм – отанға деген сүйіспеншілік, елінің жетістігі мен игілігіне қуана білу. Әрбір қазақстандықтың бойында бойына рух пен намысты жинақтаса, келешегіміз кемел, ұрпағымыз алғыр болары хақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халықова К.З., Абдулкәрімова Г.А. Педагогикалық информатика. Білім беруді ақпараттандыру: оқулық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2007 ж. – 274 б.
2. Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы. /Айқын. 2008 ж
3. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.науч.тр. – Алматы: Изд-во «Ұлағат» КазНПУ имени Абая, 2012. – 336 с.
4. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интел-лектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2013.-36 б. /Академик С.Ж. Пірәлиевтің басшылығымен/
5. «МӘНГІЛІК ЕЛ» Жоғары оқу орнына арналған оқулық. Алматы 2015ж.
6. ҚР президентінің «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» жарлығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001012>
7. Жандарбек Асан. «Мәңгілік Ел» идеясы жас ұрпақтың басты құндылығы» Егемен Қазақстан 2015 ж

Нияз батыр Барқыұлы

Карсыбаева Ж.А. т.ғ.к., доцент, Әбдыкенова Б. Е.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ.,

Қазақтың ұлтарактай жерін жауға бермей, қызғыштай қорғаған, халық қорғаны, Орта жүзді отыз жылдан астам уақыт билеген Әбілмәмбет ханның данагөйі, елшісі және бас батыры Сайдалы Нияз батыр.Тегі Орта жүз арғын ішіндегіқуандықтан тарайтын сайдалы-барқы руынан.Арғын тайпасының белгілі биі болған.Орта жүздің билеушісі Сәмеке хан қайтыс болғаннан кейін бір жылдан астам уақыт хан атынан билік жүргізген. 1740 жылы тамыз айында Ресей әкіммен ордадағы болған келіссөздерге Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтандарымен бірге қатысқан. Нияз батыр Барқыұлы 18 ғасырда өмір сүрген белгілі би, батыр. Шамамен 1680-85 және 1760 жылдары аралығында өмір сүрген. Өз кезінде елі үшін, қазақ үшін ерліктер жасаған ұлы тұлға. Орта жүздің халқының аман қалуына ерекше үлес қосқан, ел билігінің тізгінін ұстап, хан саясатына дұрыс бағыт-бағдар берген бірден-бір батыр, ауыз толтырып айтарлықтай данагөй, ер-жүректілігінің арқасында қаншама ерліктер жасаған біздің Нияз бабамыз. Орта жүз ішінде Нияз батырдың беделі өте жоғары. Нияз батыр атамекен жері үшін, қабырғалы елі үшін бар ғұмырын ат үстінде өткізген батыр азаматтардың бірегейі.

Әбілмәмбет хан – Тәуке ханнан кейін ұзақ жылдар бойы дағдарысқа түсіп қалған Қазақ Ордасын қайта көтерген қазақтың аға ханы. Ол – жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқына айтып, әскер жинап, күрес ұйымдастырған, ел силаған кемеңгер адам. XVIII ғасырдағы орыс патшалығының астыртын жүргізген зерттеулерінде орта жүз халқының хан ретінде Әбілмәмбетті ғана мойындайтындығы, оның Абылайдан беделі анағұрлым жоғары екендігі атап көрсетілді. Жоңғар шапқыншылығының ең бір ауыр кезеңінде елге пана болған адам. Абылай ханның Әбілмәмбет өлгеннен кейін ғана, 1771 жылы ақ киізге көтеріліп, Орта жүзге хан сайланған. Әбілмәмбет Абылайға ақ батасын беріп, ел танымайтын жас батырды «інім, Абылай төренің немересі, Уәлибақидың ұлы» деп жариялап, сұлтан дәрежесіне көтерген, бауырына тартып, тәрбиелеген адам. Абылайға қамқор болып, беделінің өсіп, нығаюына ықпал жасаған, Абылайдың есейген шағында іштарлық танытпай, билік басына тартып, Қазақ хандығы құрылғанда екеулеп ел билеген Керей мен Жәнібек сияқты, өзімен

қатар орта жүз халқын басқаруға баулыған адам. Әбілмәмбет хан қазақ ұлтының жойылып кетуге аз-ақ қалған шағында әрі орыспен, әрі жоңғармен бітімге келіп, халықты қырып алмай, аман алып қалуға себепші болған тұлға. Бұл ретте оның әрі 1740 жылы Орынборда орыс патшалығының қоластына өткендігі туралы құран көтеріп, ант еткенін, әрі жоңғар қонтайшысы Қалдан-Серенге ақ үйлі аманат қылып, баласы Әбілпейізді беріп жібергенін, сөйтіп, өмір бойы жаугершіліктен көз ашпаған халықтың қолын уақытша болса да бейбіт өмірге жеткізгендігін үлкен саяси көрегендігі деп бағалауымыз керек. Әбілмәмбеттің өзі көне тәртіп бойынша өл-өлгенше Түркістан қаласын мекен етті. Ташкент, Бескент, Ордасарай, Қарамұрын, Сайрам, Шымкент, Қарабұлақ, Манкент, Иқан, Ташанақ, Қарнақ, Сауран, Қарашық, Аққорған, Үзкент, Созақ, Қазақтыжолық, Құлантөбе, Қоштасар, Мұқаможын, Жанкент қалаларын билеп тұрды. Тек көктем шыға ел Сарыарқадағы жайлауларына қайтқанда Орта жүз рулары жайлаған жерлерге және әдетте Нияз батырдың ауылдарына ордасын тігіп жүрді.

Міне, осындай Әбілмәмбет ханның бас ақылшысы және өмір бойғы серігі Нияз батыр болған. Нияздың атының көлеңкеде қалуының себебі де Әбілмәмбет ханға деген Кеңес үкіметі тарихшыларының көзқарасына байланысты болып келді. Әбілмәмбет сұлтанды бірінші кезекте Арғын-Алтай және Уақ-Керей рулары қолдады және оны Орта жүздің тағына осы ру-тайпаларды билеп тұрған Нияз батыр отырғызды. 1740 жылдың тамыз айында Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтандармен бірге, Ресей әкімшілігі атынан генерал В. Урусовпен Орынборда болған қазақ-орыс келіссөздеріне ханның бас уәзірі дәрежесінде Нияз батыр да қатысып, еларалық мәселелерді шиеленістірмей шешуге үлкен үлес қосқан. Қазақ елшілігінің алдынан жанына капитан, поручик, және адъютантын ерткен премьер-майор Дмитриевтің салтанатты шеруі шыққан. Соның құрамында гранаталармен қаруланған 48 жасақшы гранодирлер, жаз табақшалары мен кернейлері күнге шағылысқан драгун ротасы, 2 гайдугі, әскери жедел хабаршысы және ер-тұрманы әсем безендірілген 12 арғымағы мен аса сәулетті күймесі бар қосыны болған. Әбілмәмбет аялдаған жерге тақала бере Дмитриев оған әскери честь беріп, хан мен сұлтанды күймеге отыруын сұрап, құрмет көрсеткен. Өз тобының қазақ елшілігін ұлықтап қарсы алып, еріп жүруге жіберілгендігін баяндаған. Шеруді енді гранодирлерді ерткен унтер-офицер бастап, орыс әскерінің құрметті қарауылы сап түзеген алаңнан салтанатпен өткен. Елшілік Астрахан полкімен қатарласа бергенде, музыка ойналып, барабандар соғылған. Биляр полкінің жанынан өткенде, ауыр зеңбіректерден 9 дүркін оқ атылып, құрмет көрсетілген. Әбілмәмбет бастаған топ генерал-лейтенант В.Урусовтың сарайына таяғанда, әскери қарауыл честь беріп, секунд-майор Миллер иіліп, тағызым етіп, подполковник Останков пен полковник, кінәз Еделев ізет көрсеткеннен кейін елшілікті Орынбор комиссиясының бастығы, генерал-лейтенант В.Урусов қарсы алған. Әбілмәмбет пен Абылай хат ұсынып, оны елшіліктің хатшысы П.Рычков оқып болғаннан кейін, В.Урусов жауап ретінде сөз сөйлеген. Орыс патшалығының қазақ елшілігін қарсы алуын баяндау, елшіліктің басшылары ретінде Әбілмәмбетпен және Абылаймен қатар Нияз батыр жүрген. Келіссөзді де негізінен Нияз батыр жүргізіп отырған. Нияз батыр бел ортасында жүрген осы бір дипломатиялық шараның арқасында Ташкент пен Түркістанға, Сарыарқаға тыныштық орнады. Қазақ пен қалмақ сияқты екі жауынгер халықтың қуаттануынан қауіптеніп, оларды қырқыстарға түсуге мүдделі Ресейдің Әбілмәмбет пен Нияз батырдың іс-әрекеттеріне наразы болуы әбден түсінікті еді. Орыс патшалығының аталған шараларға теріс көзқарасына Әбілқайыр хан да дем беріп отырды. Бұл оқиғаны егжей-тегжейлі қағазға түсіріп, хаттамалаған, кейіннен Орынбор өлкесінің тарихын зерттеумен атағы шыққан капитан П.И.Рычковтың жазбалары орыс архивінде сақтаулы.

Нияз батырдың тарихи тұлғасы ерекше көрінетін тұсы, «Абылай сұлтан ұрыс үстінде 1741 жылдың ақпан айында, Шідерті бойындағы ұрыста жоңғар қолына қапыда түсіп қалғанда» [1, 215 б.], «Әбілмәмбеттің ұлы Әбілпейізді және өзінің бір ұлын 1742 жылғы қарашада өзі апарып, «ақ үйлі» аманатқа тапсырған. 1743 жылғы ерте көктемде Жоңғар ханы

Қалдан Серенмен келісіп, Абылайды тұтқыннан сый-сияпатпен босатып алған қазақ көсемдерінің қатарынан тағы да Нияз батырды көреміз» [1, 307 б.].

Нияз батыр қыс айларын Түркістанда өткізгенімен, жаз жайлауға Ақтау, Ортау, Қызылтауға, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің бойына, Қорғалжын көліне, Қарқаралыға келіп, қоныстанып жүрген. Жоңғармен соғыста елдің басын біріктіруге Нияз батыр белсене күш жұмсады. Себебі, 1734 жылы Сәмеке хан қайтыс болған соң, біраз уақыт Орта жүзді Нияз батыр биледі деген болжам бар. Ресейдің ірі тарихшысы А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты зерттеуі бойынша: «После кончины Самеке в Туркестане некоторое время правил батыр Нияз, активно поддерживавший притязание султана Абулмамбета на ханский трон в Среднем жузе» [2, 68 б.].

Жоғарыда айтып өткен қазақ-орыс келіссөздерін Нияз батыр жүргізіп отырған. Орыс патшалығының өкілдігі Әбілмәмбет тіккен ақ ордаға қонаққа барғанда алдарынан алғашқы болып, соңына екі батыр ерткен Нияз батыр қарсы алады.

«1 сентября после полудни генерал-лейтенант ездил в лагерь Абулмамбет хана и Аблая султана. Как он к помянутому лагерю стал подъезжать, то сперва на встречу выехал Нияз батыр, потом есче двое киргизсих батырей» [3, 164 б.]. Бұл оқиғаны Нияз батырдың Орта жүздің бас батыры деп мойындалғанының белгісі деп бағалауымыз қажет.

Орынбордағы келіссөздің барысында Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Ресейге адалдықтарын білдіріп, құран көтеріп, ант берді. Осыдан кейін Орынбор басшылары дастархан жайып, хан мен сұлтан бастаған қазақтың би-батырлары мен рубасыларына сый көрсетті. Ақ патшаның және қазақ елшілігінің құрметіне зеңбіректер атылып, салют берілді. Әбілмәмбет ханға, Абылай сұлтанға және Нияз батырға өз дәрежелеріне сәйкес сыйлықтар ұсынылды. Әбілмәмбет пен Абылайға қымбат маталар мен қара түлкінің терілері берілсе, Нияз батырға ою-өрнекпен безендірілген қылыш және қызыл шұғадан шекпендік мата тарту етілді.

Орынборда Нияз батыр өзінің танысы, Пенза Гарнизоны жаяу әскері полкінің секунд-майоры К.Миллерді кезіктіреді. П.Рычков К.Миллердің Нияз батыр қатысқан бір үлкен тойда Ниязға арақ ішіп, көңілденіп отыруды ұсынғанын жазады. Оған Нияз батыр арақ-шарапқа қызып, масайрап отырған бір батырды көрсетіп, ондай болғанымша, өлгенім жақсы деп жауап берген («...указав на одного батыра, что пьет и не отрицается, на то он сказал Нияз батыр: «Я же лучше хочу мертвым быть, нежели с ним равняться»). Бұл жерден Нияз батырдың салауаттылығын, әрі ел тағдыры қыл үстінде тұрған шақтағы асқан жауапкершілікті сезініп, ел-азаматтарының ақыл-есі түзу болуын тілегенің аңғарамыз.

Нияз батыр қазақ жерінің тарихын алғашқылардың бірі болып хатқа түсірген П.И.Рычковқа көптеген мәліметтер берген адам. Әбілмәмбетке дейін қазақ хандарының шежіресін таратып берген де, қазақ руларының жағдайын түсіндерген де, оңтүстіктегі қазақ қалаларының жағдайы туралы әңгімелеп берген де Нияз батыр. Бұл мәліметтер кейіннен П.И. Рычковтың «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегіне себеп болды.

1741 жылы Құба қалмақпен жасалған келісім кезінде де Нияз батыр белсенді қызмет атқарды. Нәтижесінде, Әбілмәмбет хан қалмақтың Дарма бала атты ханшасымен құда болып бітімгершілікке жол ашылды.

«Алайда, орыспен одақтасқаннан Орта жүз опа таппады. Лама-Дашы бастаған ойрат елшілігінің 1741 жылы қаңтар айында Сібір губернаторы П.Бутурлинмен кездесуінде орыс бекзадасы Орта жүздің Ресейге қол тапсырғанын біле тұра, «Әбілқайырдан басқа орыс карамағында ешкім жоқ» деп мәлімдеп, орыс патшалығының Әбілмәмбетке жәрдем көрсетпейтіндігін сездірді. Бұл жолы жоңғар хандығының өкілдері Лама-Дашы мен Наурыз қазы Орта жүзді шабуылдауға 1741 жылы ақпан айының 15 жұлдызында шығатыны жөнінде орыс әкімшілігімен келісіп қайтты. П.Бутурлиннің қазақ сарбаздарын орыс қамалдарынан әрі өткізбегуге арнайы жарлық шығарғандығына көздері жетіп, орыс әскерінің қазақ-қалмақ қақтығысына араласпайтындығы туралы уәдесін алып оралды» [1, 116 б.].

1740 жылы Қытайдың Цин патшалығымен бітім жасасып, ту сыртын қауіпсіздендіріп, әрі орыс патшалығының Орта жүз халқына жасаған опасыздығына масайраған қалмақ қолы

бұрын-соңды болмаған жойқын шабуылға шықты. 1741 жылы қазақты қапсыра үш жақтан «Сүзекенің қолы» атанған Септен ноян, Сары Мәнжі және Жалбы батыр бастаған жоңғар әскері шабуылдағанда, Ресейден еш көмек болмағандығы былай тұрсын, пана іздеп, қашқан бала-шағаға дейін қуалап, қамалдарына жолатпады. Есілдің бойындағы Шілікті, Шідерті деген жерлерде 200 сарбазбен ғана қарсы тұрып, ұрыс ашқан Абылай ханды, сәл кейінірек Барақ сұлтанды, уақ Өтеген батырды, Тұрғын сұлтанды, Қаптуған батырды тұтқындады. Орыс патшалығы болса, ара түсуге асықпай, екі елдің қырқыса түсуін қадағалаумен болды.

Осындай ел басына кун туған аса қиын жағдайда қазақ халқының қанды қырғынға ұшырап, тарих сахнасынан жойылып кетпеуін мақсат-мұрат тұтқан Нияз батыр сынды тұлғалар қазақ-қалмақ арасында мәмілегерлік жұмыс жүргізіп, бейбіт келісімге келіп, кепілі ретінде өз балаларына дейін қалмақ қоңтайшысына аманатқа берді.

«Отправил своего сына в качестве заложника джунгарскому хану Абулмамбет. Его примеру последовали некоторые султаны и старшины – Абулфеиз, Нияз батыр, Давлетбай и другие, которые, как докладывали возвратившиеся из Казахстана русские представители Уразин и Лихачев, наперед сего с лежащих около Ташкента городков дань обирывали»[3, 270 б.].

Қазақ шежіресінің Абылайды тұтқыннан Нияз батыр босатты деген деректерін орыс әкімшілігінің құжаттары да мақұлдайды. Орынбор комиссиясының бастығы И.Неплюевтың 1742 жылы ақ патшаға жазған хатында: «Абульмамбет хан ... по много имевшемся секретным советом с бывшими при нем зюнгарскими посланцами и с некоторыми киргизским старшинами, а наипаче с Нияс батырм, Давлет баем, да Шамратом, которое и напередь сего лежащих около Ташкента городов дань обирывали, отпрвил ко одному зюнгарскому владельцу меньшего сына своего Аульфеиза с помянутым старшиною Нияс батыром, про которого сказывают, что паче всех его ханским духом владеет ... », деп атап көрсетіледі. Осындай деректер Әбілмәмбет ханның ордасында болған ресейлік Уразин мен Лихачевтың мәліметтерінде де бар. И. Неплюевтың қазақ-жоңғар қарым-қатынасы туралы сыртқы істер коллегиясына жазған хатындақездесетін «... Абулмамбет хан и Нияс батыря, посланного с сыном ево...» деген жолдар да Нияз батырдың Абылайды құтқару үшін Әбілпейізді аманатқа алып барғанын дәлелдейді.«Орта жүздің атақты ел ағасы», «Түркістанда зор беделге ие болған», «Әбілмәмбетті хандыққа бекіткен», «Азиялық салт-дәстүр жөнінен ой өресі кең адам, басқа ел басылардан абыройы асып тұрғаны байқалады».

Тарихшылар өткен оқиғаларды «ұлы орыс халқының» мүддесі тұрғысынан ғана бағалауға тиіс болды. Шынай қазақ тарихының негізін қалаған ғалымдар С.Асфендияров пен М.Тынышпаев 1937 жылы, Е.Бекмаханов пен Б.Сүлейменов 1952 жылы репрессияға ұшырағаннан кейін аман қалған тарихшылар көп жағдайда тарихты бұрмалап, «компартия нұсқаған жолмен ғана » жүруге мәжбүр болды. Осындай тарихи кезеңде «орысшыл» Әбілқайыр ханға қарсы позиция ұстанған Әбілмәмбет хан мен Нияз батырды дәріптеу «халық жауы» аталумен пара-пар еді.

Қазақ еліне белгілі Нияз есімді бірнеше адам болған. Олардың бірі- Әбілқайыр ханның жақын туысы Нияз сұлтан. Бұл кіші жүздік Нияз Әбілмәмбет пен Абылайға, Барақ сұлтанға, Барқы Нияз батырға қарсы саясат жүргізген тұлға. Екінші Нияз – қыпшақ руының беделді биі, бірақ Барқы Нияз батырдан бір ғасырдай уақыт кейін өмір сүрген адам. Қыпшақ Нияз бидің Жанбосын деген баласынан қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті көсемі, қарадан хан сайланған атақты Әбдіғаппар туады. Әбдіғаппар 1870 жылы дүниеге келіп. 1919 жылы қайтыс болған. Нияз батырды Абылай ханның тұсында Қытаймен арадағы саудасаттықты жүргізген тағы бір тұлға – Нияз сартпен шатастырмауымыз керек.

Нияз батырдың қай жылы туып, қай жылы қайтыс болғаны туралы нақты дерек болмағандықтан, жанама деректерге қарап отырып, жоба жасағаннан басқа амал жоқ. Батырдың заманы, өмір сүрген ортасы, замандастары жөніндегі деректерді салыстыра, салмақтай қарап, оның жасы Әбілмәмбет ханмен шамалас деп болжауға болар, бәлкім одан бірер жас үлкен де шығар. Ал, Абылай ханға әке тұрғысында екені дау туғызбайды, кемінде одан 18-25 жас үлкен болуға тиіс. Әлбетте, Қаздауысты Қазыбек бабамыздан кіші,

Әбілқайыр ханнан да біраз жас кіші десек, қисынға келер. Сонда оны 1680-85 жылдары туған, 1760-жылдан кейін қайтыс болған деп жобалаймыз.

Сайдалы Барқы Нияз батырдың ата-тегіне келсек, қазақ шежіресі бойынша Арғын Алтайдан тарайды. Алтай тайпасы Алсай, Нұрбай, Әлке, Байдалы, Сайдалы, Мойын, Кенжеқара руларына бөлінеді. Сайдалы руы Сүгірәлі және Арыстан деп екіге жіктеледі. Арыстаннан Мамадайыр, Мамашық, Тоғызақ, Барқы. Барқыдан Мөңке, Нияз, Құлғара туады. Мөңке мен Құлғараның бірі (қайсысы екені белгісіз), Әбілпейіз Сұлтанмен бірге Қалдан-Серенге аманат ретінде жіберілген: «В 1743 г. Под предлогом нападения казахского отряда на пограничные джунгарские кочевья Галдан-Церен через родного брата батыра Нияза, бывшего а аманатах у джунгар вместе Абулфеизом, передал письмо хану Среднего жуза Абулмамбету...» [2, 129 б.].

Нияздың Әлдеберлі, Байназар, Жаназар, Жұмай, Тоқсан, Рақпанғұл, Қарағұл деген балаларынан ұрпақ бар. Батырдың сүйегі Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне (Түркістан) жерленген. Батырдың тағы бір жері – Қарағанды облысы Осакаров ауданында Нияздың есімімен аталған тау бар. Нияз тауы – Жаксы Нияз (мал жайлауға ыңғайлы) және Жаман Нияз деп екіге бөлінеді. Осакаров ауданының солтүстік-шығысында орналасқан. Ұзындығы 50 км., ені 15км. болып, бірнеше жерден үзіліп, солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле созылып жатыр. Ең биік жері 833 м. Нияз тауы – төбесі жайдақ, беткейлері жазық келетін сүйір қырлар мен белестерден, жондардан тұратын денудациялық ұсақ шоқылық болып табылады. Жоғарғы докембрий мен кембрийдің жыныстарынан, төрттіктің делювийлі-пролювийлі шөгінділерінен түзілген. Нияздың баурайында Есіл өзені, Шідерті өзенінің салалары бастау алады. Карбонатты қара топырағында талшілікпен араласып сұлыбас, селеу өседі. Жыл бойы жайылым ретінде пайдаланылады. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентінде Нияз батырдың есімімен аталған көше бар. Осакаров аудандық тарихи - өлкетану музейі ашылған болатын. Енді міне, төл тарихымыздың нар тұлғасы Нияз батыр мүсіні осы музейдің тұғырлы төріне орнықты.

Бұл деректер де Нияз батырдың өз заманында, Қазақ хандығының мемлекеттік басқару жүйесінде алған ерекше орнын көрсетеді. Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Бұдан шығатын қорытынды - әр дәуірдің ерекшелігіне қарай, халықтың тағдырын мойнына алған көсемдері мен шешендері, билері мен батырлары болған. Неше ғасыр өтсе де, бойға қуат, ойға дәт беретін осы өнегені қастерлей білсек қана, өзіміздің қазақ екенімізді ұмытпаймыз. Отан өз батырларымен бай. Отанның қорғаушыларыңыз, мемлекет жоқ. Батылдық, Отан сүйгіштік, достық - нағыз батырдың қасиеттері. Батырлар болып дүниеге келмейді, батыр болып қалыптасады. Кішкентай балаға балалық шақтан отаншылдыққа, құрметке тәрбиелеу керек. Атамекен үшін ата-аналарға нағыз жігітті тәрбиелеу керек! Халықта дана мақал-мәтелдер бар: "Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі", "Ер барда - ел қор болмас" және тағы басқалар. Менің пікірімше, ең басты, ең негізгі батырдың қасиеті - бұл отаншылдық. Отаншылдық - бұл туған жерге, өз халқына, ұлтқа деген сүйіспеншілік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тайшыбай З. Ел шежіре.-Алматы, 1994.-1 том.- 640 б.
2. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII в.в.-Алматы: «Ғылым», 1991.- 238 б.

Казахско-русские отношение в XVI-XVIII вв.-Алматы: АН КазССР, 1961.-С. 74.